

Академиктер арасында «Өзіміздің Кенжекең» атанған

экономист-ғалым

К.Сағадиев — 70 жаста

Өтеш ӨТЕУЛҰЛЫ

Жуырда еліміздің көрнекті экономист-ғалымы, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Кенжеғали Сағадиевтің 70 жылдық мерейтойына арналған іс-шаралар өткізілді. Ғ.Мүсірепов атындағы мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театрында «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі: факторлары, шарттары мен даму тетіктері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болды.

Конференцияда мемлекеттік ұйымдардың, ғылыми орталықтар мен бизнес өкілдерінің Қазақстанда бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту мәселелері жөніндегі сұхбаты жүргізілді. Оның жұмысына белгілі отандық және шетелдік экономистер, Қазақстан Республикасының Парламент депутаттары, министрліктер мен агенттіктердің және халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты. Олардың арасында Ұлттық банктің төрағасы Ә.Сәйденов, «Қазына» тұрақты даму қорының басқарма төрағасы А.Дунаев, Чехия университетінің профессоры Иржи Полак мырзалар болды. Конференция жұмысының нәтижесінде Қазақстанда бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру жөніндегі экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша тәжірибелік ұсыныстар дайындалды.



Сондай-ақ түстен кеіін театр ғимаратында мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, жоғары оқу орындарының ректорлары, Қазақстанның академиялық элитасы өкілдерінің қатысуымен мерейтой иесінің Алматы қаласының жұртшылық өкілдерімен кездесу жиыны өткізілді. Академик, қоғам қайраткері Т.Шарманов Кенжеғали Сағадиевтің өмірі мен ғылымға сіңірген еңбегі туралы баяндама жасады. Мемлекет және қоғам қайраткерлері Б.Әшімов, Н.Рамазанова, С.Мырзабекова, Ұлттық Ғылым академиясының академиктері атынан С.Зиманов, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Н.Оразалин, өзге де танымал ғалымдар мен азаматтар құттықтады. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясының президенті Ж.Күлекеев ғалым-ұстазының иығына шапан жауып, темір тұлпардың қилтін тапсырды. Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, қоғам және мемлекет қайраткері Кенжеғали Сағадиев сөз алып, ғылым жолындағы еңбегінің ескеріліп, әріптестерінің, жұртшылық өкілдерінің жылы лебіз білдіргендері үшін ризашылық сезімін айтып, алдағы кезде де ұлттық ғылымды дамыту жолында күш-жігерін жұмсай беретінін жеткізді.